



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» ҚЕАҚ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА»

«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР, БОЛАШАҒЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР

ЖИНАҒЫ

17 сәуір, 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«ТРАНСВЕРСАЛЬНЫЕ НАВЫКИ: ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ»

17 апреля, 2024 года



**АСТАНА
2024**

УДК 378
ББК 74.58
Т66

Асылбекова М.П

**«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР,
БОЛАШАҒЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

ISBN 978-601-337-983-8

Т66 «Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытудың инновациялық моделін әзірлеу және енгізу (Финляндия, Эстония тәжірибесі негізінде)» тақырыбындағы 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясындағы «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (Астана қ., 17 сәуір, 2024ж.)/ М.П.Асылбекова.© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024., - 311б.

ISBN 978-601-337-983-8

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены материалы международной научно-практической конференции «Трансверсальные навыки: опыт, проблемы, перспективы».

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-337-983-8

© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024 -ISBN

Редакция алқасы:

Асылбекова М.П. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Сейітқазы П.Б. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Сламбекова Т.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

МАЗМҰНЫ

№	Автор(лар), мақала тақырыбы	Беттер
Пленарлық мәжіліс		
1	Асылбекова М.П., Отарова Т.Н. Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамыту тәжірибесі	3
2	Mourat Tchoshanov Designing and studying stem learning in digital age via blended approach of engineering, learning sciences, and didactics	9
3	Ширбачеева Г.Ш. Педагогические вызовы современности: поиск новых подходов к образованию в социокультурной ситуации	12
4	Вахидова Л. В. Теория и технология профессионального развития педагога в контексте трансверсальности	15
5	Кожамкулова Г.Е. Интеграция трансверсальных навыков в содержание куррикулума» (на примере куррикулума Назарбаев Интеллектуальных школ)	20
6	Садикова Ш.А. Теоретико-методологические представления об образовательной среде и основаниях ее проектирования	25
7	Ахмедьянова А.Х. Демонстрация как инструмент оценки профессиональных и трансверсальных компетенций будущих педагогов	30
8	Санатбай П.А. Кәсіби даярлау үдерісінде Soft skills дағдыларын дамыту: шетел тәжірибесі	33
9	Шабаева Г. Ф., Яшина В. И., Чинаева З. М. Инновационная подготовка студентов в полилингвальной и цифровой профессиональной среде по дошкольному профилю в рамках речевого развития детей.	39
10	Baimuldinova G. Thriving in transition: how transversal skills support students in university socium	43
1 СЕКЦИЯ: ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ		
11	Сейітказы П.Б., Махмут Читиль, Ырымбаева Н.А. Медиабілім үдерісінде трансверсалды дағдыларды дамыту	51
12	Абильдина С.Қ., Мукушева А.Н., Дагарова Ж.У. Шағын жинақты бастауыш сынып оқушыларының трансверсалды дағдыларын дамытудың теориялық негіздері	55
13	Абдуллаева Н. М. Тенденции развития образования на современном этапе образовательного процесса	58
14	Абдуллаева Н. М., Шербачеева Л.С. Использование технологий 4К для стимулирования ученической мотивации	62
15	Сламбекова Т.С., Шакаримова К. К. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудағы трансверсалды дағдылардың мүмкіндіктері	66
16	Есекешова М.Д., Тастанбекова Н.Д., Аубакиров А.К. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру - басты міндет	72
17	Ботабаева А.Е., Ажибаева Р. Е. Болашақ педагогтердің трансверсалды дағдыларын қалыптастыруда онлайн оқыту платформаларын пайдаланудың маңыздылығы	77
18	Сейітказы П.Б., Кошанова М. Т. Медиа құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық функциялары	81
19	Шаханова Э.А. Педагогикалық білімнің қолданылу ерекшеліктері	86

20	Otarova T. N., Zhanabaeva A.K. The importance of internet resources in learning	90
47	Молдабай А.М., Саурыкова Ж.М. Issues of terminology systematization»	190
48	Салкынбаева А.М. Тиімді оқыту және тәлімгерлік құпиялары	192
49	Тнимова Ю.М., Нурманалиева У.Т. Compound complex sentences in the english language	196
50	Seisebayeva B.T.,Tolkumbekova A. K. «E-learning as one of the forms of implementation of the learning process»	198
51	Seisebayeva B.T. Peculiarities of development of modern methods in foreign language teaching	202
52	Seitova Z.A. The study relevanceof future teachers’ social intelligence	207
53	Toregeldieva A. N., Tulebayeva S.K. Using a foreign language in information technology in modern conditions	212
54	Хасенқызы Т., Акрамова Ә.С. Білім беруді цифрландырудағы тәуекелдер	215
55	Аканова А. А., Искакова М. О. Оқытудың белсенді әдістері – сапалы білім беру негізі	221
56	Гайбуллаева С. С., Уалиева Н. Жастармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстың ерекшеліктері	224
57	Калматаева А. М., Калымбетова Д. Ж. Церебральды сал ауруына шалдыққан балаларға арналған логопедиялық түзету жұмыстарының әдістемесі	229
58	Кошимбетова З. Д., Наурызбай Д. Б., Абдигаппарова А.Е. Вербализм вербальды балаларды диагностикалауға арналған тапсырмалар	233
59	Санбаева Б., Есенова К. Сравнительный анализ процессов социально-педагогической адаптации иностранных студентов в образовательных учреждениях Казахстана и Турции: вызовы, стратегии и перспективы»	235
60	Рсалы Г. М.Даярлық тобы балаларын мектепке дайындау мәселелері	243
61	Кәдірбай Ә. Б., Шамбулкерева Б.Н., Нұрхан Д. Е. Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту жолдары мен әдіс-тәсілдері	247
62	Дарменова А.Е Цифрлану жағдайында білім алушылардың трансверсалды дағдыларын дамытудың маңыздылығы	252
63	Аликулова С. А., Болатқызы А. Аутизм – психикалық дамудың бұзылуы	257
64	Гайбуллаева С. С., Алыбай Ж. Жасөспірімдік агрессия – әлеуметтік-педагогикалық мәселе	261
65	Байқоңырова Ж. Балалардағы дизартрия бұзылысына жалпылама сипаттама	265
66	Ахметова Т.Ш. Интертеймент технологиясының заманауи білім берудегі маңызы	268
3 СЕКЦИЯ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ БҮЙІНШІ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ		
67	Сламбекова С.Т. Дарынды балалардың әлеуметтік - эмоционалды әл-ауқатын психологиялық қолдаудың ерекшеліктері	273
68	Ныгманбеков К. М. Педагогтердің кәсіби даму мониторингін зерделеу арқылы даму жоспарын әзірлеу	276
69	Мамыракина Ф. С. Тіл сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының креативті жазылым дағдыларын дамыту»	280
70	Шаханова Э.А., Сманова Л.У. Влияние стиля воспитания на специфику семейных конфликтов в подростковом возрасте	290
71	Ыбырайқызы А., Нұғыманова Н. Ә. Ертегі - халық педагогикасының көне жауһары	297
72	Тусипжанов Б.А. Кемпіркосақ» бейнелеу өнері үйірмесі	301
73	Аханова А. К. Мағжанның маржан мұрасы	304

Қорытындылай келе, біз келесі қорытындыларды жасаймыз. Цифрлық білім беру көп қырлы құбылыс. Білім берудегі серпінді цифрлық технологияларды дамыту – объективті процесс және әлемдік тренд. Қазақстанда да, шетелде де цифрландыру білім беру қызметтерінің қол жетімділігі мен сапасын арттырудың драйвері ретінде қарастырылады, бірақ бұл процесс уақытша (мемлекеттердің жүйелі білім беру саясатымен шешілетін) және өзіне тән проблемалармен бірге жүреді, олардың бірі - білім беру жүйесінің тығыз әлеуметтік өзара әрекеттесу және жеке көзқарасының болмауы.

Осылайша, барлық оң және теріс жақтарын ескере отырып, білім беруді дамытудың ең ықтимал стратегиясы тәсілдер интеграциясы болуы мүмкін: цифрлық технологиялар мен жаңа әдістерді міндетті түрде қолдана отырып дәстүрлі оқыту.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Вайндорф-Сысоева М.Е. Организация виртуальной образовательной среды: теория и практика: Монография. Germany: LAP LAMBERT Academic Publishing GmbH & Co. KG, 2011.
2. Травкин И.Ю. Цифровая среда: Интерфейсы [Электронный ресурс]. URL: <http://prof.notoproject.org/courses/cifrovaya-zhizn>.
3. Franklin P. Comparative and International Education (Borrowings and Adaptations): USA, Japan, Britain. Cullowhee, NC, 1992.
4. Никулина Т.В. Информатизация и цифровизация образования: понятия, технологии, управление // Педагогическое образование в России. 2018. No 8. С. 107–113.
5. Сергеев И.С. Цифровая дидактика профессионального образования – научная основа организации процесса цифрового образовательного процесса [Электронный ресурс]. URL: http://firo.ranepa.ru/files/docs/vebinar_25jan2019.
6. Цифровизация образования, все минусы электронной школы. Что будет с детьми? [Электронный ресурс]. URL: <https://vc.ru/flood/43800-cifrovizaciya-obrazovaniya-vse-minusy-elektronnoy-shkoly-cto-budet-s-detmi>.
7. Устюжанина Е.В. Цифровизация образовательной среды: возможности и угрозы // Вестник Российского экономического университета им. Г.В.Плеханова. 2018. No1. С. 3–12.
8. Шпитцер М. Антимозг. Цифровые технологии и мозг [Электронный ресурс]. URL: <https://www.litmir.me/br/?b=189102&p=1>.
9. Lucas C.J. American Higher Education: A history. New York, NY: 2004.
10. Ломаско П.С. Роль интерактивного цифрового контента при реализации онлайн обучения в современном университете // Современное образование. 2017. No 4.
11. Сидоров Г.А. Цифровой университет: применение цифровых технологий в современных образовательных учреждениях [Электронный ресурс]. URL: <https://www.itweek.ru/idea/article/detail.php?ID=192831>.

ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

Жұпархан А.

aimana11@inbox.ru

8D01103 - «Педагогика және психология» БББ 1курс PhD докторанты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аннотация. Мақалада автор жаһандану жағдайындағы жалпы білім беру ұйымдарында жеткіншектердің танымын белсендіру, қазіргі таңдағы өзекті педагогикалық мәселе екендігін зерттейді. Осыған байланысты, заманауи оқу құралдарын қолдану арқылы оқушылардың танымын белсендіру, ұстаздар тарапынан оқушының деңгейіне қарай қажетті бағыт-бағдар беріле отырып, педагогикалық мәселенің шешімін табуға болатындығы қарастырылады. Сонымен қатар, оқушылардың танымдық белсенділігінің әрбір деңгейінің мазмұнына

сатылы тоқталып, жан-жақты анықтамалар беріледі. Мақалада, танымдық белсенділік, белсенділік, сүйемелдеу ұғымдарына қатысты отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың зерттеулеріндегі анықтамаларға шолу жасалады.

Түйін сөздер: таным, танымдық әрекет, белсенділік, танымдық белсенділік, сүйемелдеу.

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңында атап өткендей, білім беру жүйесінің негізгі міндеті – баланың рухани және тәндік мүмкіндігін дамыту, оны оқыту, тәрбиелеу мен шығармашылық әлеуетінің дамуына жағдай жасау. Қоғам өзгерістеріне байланысты қазіргі кезеңде әрбір оқушыға жеке адам ретінде, өзіне тән ой-өрісі, еркі, дербес әрекет жасауға қабілеті бар, батыл пікір айта алатын тұлға екенін ескере отырып тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Осыған орай, мектептегі оқу үдерісі оқушылардың ізденімпаздығын, танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық дербестігін дамытуға жол ашады [1].

Қазіргі таңда еліміздің болашақ ұрпақ тәрбиелеуде алға қойған басты мақсаттарының бірі - үздіксіз білім беру арқылы адал, әділ, қоғамның сұранысына ие бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру. Осы орайда, Президентіміз Қасым Жомарт Тоқаевтің Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде: “Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Өздеріңізге мәлім, мен былтыр Түркістанда өткен құрылтайда елімізде тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапхана салу туралы айттым. Онда жастардың шығармашылықпен айналысып, білімін ұштауына толық мүмкіндік бар. Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек” деп атап көрсетті [2].

Осы тұрғыдан қарағанда, бүгінгі таңдағы жалпы білім беру ұйымдарындағы жеткіншектердің танымдық белсенділігін заманауи оқу құралдары, яғни кітап оқу арқылы дамытудың маңыздылығы да өте өзекті болып отыр. Себебі, таным әрекетінің негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады. Танымдық әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл – ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, қызығушылықтан және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады.

Мәселен, **танымдық белсенділік** - оқушылардың білімге деген қажеттілігін дамытудың, шығармашылық дағдыларын игерудің, дербестіктің, білімнің тереңдігі мен беріктігін қамтамасыз етудің; білім алуды жалғастыру мен тұлғалық дамудың іргетасын қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады. Ал, педагогикалық, философиялық және психологиялық әдебиеттерге талдау жасау барысында **«белсенділік»** және **«танымдық белсенділік»** ұғымдарының әртүрлі анықтамаларының бар екендігіне көз жеткіздік. Психологиялық-педагогикалық теория мен тәжірибеде **«белсенділік»** терминінің жиі қолданылуына қарамастан, бұл терминнің мағынасы өте алуан түрлі: белсенді әрекеттен бастап тірі тіршілік иелерінің өздігінен қозғалу және сыртқы және ішкі ынталандырудың әсерінен өзгеру қабілетін көрсететін тұжырымдамаға дейін анықталады. Осы орайда, бірқатар отандық, алыс-жақын шетелдік ғалымдардың зерттеулеріндегі танымдық белсенділікке берілген анықтамалардың мәніне тоқталатын болсақ: И.Я.Лернер, Р.А.Низамов, Н.А.Половникова, М.И.Махмутов, Т.И.Шамова, А.Е.Әбілқасымова және т.б., танымдық белсенділік әлеуметтік мәдениет тәжірибесін игеруде және жеке тұлға қасиеттерін дамытуға бағытталған танымдық нысан мен оқытудың дидактикалық өзара әрекеті ретінде қарастырады.

Мәселен, Т.И.Шамова белсенділікті жеке тұлғаның іс-әрекет сапасы ретінде қарастырса, А.П. Аристова жаңару, өзгеру әрекетінің пайда болуы десе, А.Ғ.Қазмағамбетов белсенділікті оқушының өзіндік жұмыстағы маңызды қасиеті ретінде қарастырады.

Ал, Ж.Т.Дәулетбекова: "Белсенділік адамға тән қасиет ретінде рухани қажеттілікті өтеп, субъектіге ерекше қанағат сезімін туындатады", дейді. Сондай-ақ, танымдық белсенділік және ізденімпаздық жеке тұлғаның бір-бірімен тығыз байланысты жиынтық қасиеті деп қарастырады.

Демек, белсенділік оқушының белгілі бір іс-әрекетті білуге, нәтижеге жетуге деген

ынта-ықыласының ерекше көрінісі және жеке тұлғаның маңызды қасиеті деп қарастыруға болады.

Біздің зерттеуімізде танымдық белсенділікпен қатар сүйемелдеу ұғымы да қолданылады. Бұл екі ұғым педагогика және психология ғылымдарының арнайы түсініктері ретінде және біздің зерттеу үшін негізгі категориялар болғандықтан арнайы тоқталу қажет деп есептейміз.

«Сүйемелдеу» идеясы әлеуметтік педагогикасында XIX ғасырдың аяғында қалыптаса бастады. Онда, баланың өздігінен іс әрекет жасауға қабілетсізді болуына байланысты алғашқы шынайы сүйемелдеу түсінігі жатыр. Психология, педагогика, әлеуметтік педагогикада және басқа да білім саласында «сүйемелдеу» термині концепциялық түрде және тәжірибелік іс әрекетке қатысты нақты проблемаларды шешуге қолданылады. Сүйемелдеу ұғымына қатысты көптеген ресейлік ғалымдар зерттеу жүргізіп анықтамалар берген. Соның ішінде негізгі ұғымдарға тоқталсақ. В.Дальдің сөздігінде *сүйемелдеу ұғымы* – шығарып салу, бірге бару, алып жүру, ілесу деген мағынаны білдіреді [3].

Мысалы, Н.Н. Поддяковтің пікірінше, оқушылар әрекетінің екі түрі бар: өз белсенділігі және ересек адамның ынталандыратын әрекеті. Оқушының өзіндік белсенділігі – бұл бала психикасының барлық салаларында: танымдық, эмоционалдық, ерікті, жеке тұлғалық көріністерінің алуан түрлілігімен сипатталатын ерекше және сонымен бірге әмбебап әрекет түрі. Күнделікті өмірде және орта сыныптардағы сабақтарда оқушының өзіндік іс-әрекеті оның ересектермен бірлескен қызметімен ауыстырылады, содан кейін оқушы қайтадан өз әрекетінің субъектісі ретінде әрекет етеді. Демек, іс-әрекет толығымен объектінің өзі – баламен басталады.

Олай болса, мектеп оқушысы іс-әрекет процесінде өз бетінше мақсат қоюға және оған жетудің жолдарын, әдістері мен құралдарын анықтауға үйренетін жеке тұлға болып табылады. Балалардың шығармашылығы белсенділікке негізделген, дегенмен Н.Н. Поддяковтің пікірінше, ол ересектермен қарым-қатынас арқылы анықталады. Сонымен бірге, ғалымның атап өтуінше, оқушы мұғалімдер анықтаған іс-әрекеттің мазмұнын игеретіні сонша, ол бұрынғы әрекеттер тәжірибесіне сүйеніп, оның нысанын айтарлықтай өзгертіп, жетістікке жетеді. Демек, мұғалімдер ынталандырған мектеп оқушысының белсенділігі мұғалімдердің оқушының мақсатқа жету жолдарын аша отырып, өз қызметін ұйымдастыруымен сипатталады. Нәтижесінде оқушы бұрын мұғалім анықтаған нәтижеге жетеді [4].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, әрекеттің бұл екі түрі баланың ақыл-ой, санасымен өте тығыз байланысты деген қорытынды жасауға болады. Мектеп оқушыларының өзіндік белсенділігі қай жағдайда да ересек адам тарапынан бағытталған іс-әрекетпен байланысты, ал мұғалімнен алған дағдылары, қабілеттері мен білімі бала бойына сіңіріліп, оның тәжірибесіне айналады, нәтижесінде ол олармен өзінің меншік іс-әрекетіндей әрекет етеді.

Егер танымдық белсенділік туралы айтатын болсақ, онда ол, ең алдымен, таным процесімен, жеке тұлғаның танымдық әрекетімен байланысты. Психологиялық-педагогикалық ғылымда адамның танымдық іс-әрекетінің құбылысын түсінуде ортақ пікір жоқ және соның салдарынан көптеген түсіндірмелер туындайды: «құнды тұлғалық тәрбие» (Г.И. Щукина), «белсенді күй» (Т.И. Шамова). Кейбір ғалымдар танымдық белсенділікті баланың үйреншікті білімге деген құштарлығы деп санайды.

Мәселен, танымдық белсенділік жеткіншек жастағы оқушылардың белсенділігін, оның қарқындылығы мен шиеленісін сипаттайды деген көзқарас кеңінен таралған. Жеткіншек жастағы оқушылардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, Т.И. Шамова танымдық белсенділік баланың осы әрекеттің объектісі мен процесіне қатынасында көрінетін белсенді күй деп санайды. Автор: «Біз танымдық белсенділікті оқушының интеллектуалды және физикалық күштерінің қарапайым шиеленісіне дейін төмендетпейміз, бірақ оны оқушының іс-әрекеттің мазмұны мен процесіне қатысты, оның оңтайлы уақыт ішінде білім мен іс-әрекет тәсілдерін тиімді игеруге ұмтылуында, оқу-танымдық мақсаттарға жету үшін

адамгершілік-еріктік күш-жігерді жұмылдыруда көрінетін жеке тұлғаның іс-әрекетінің сапасы ретінде қарастырамыз» - дейді [5].

Сонымен қатар, Т.И. Шамова танымдық белсенділіктің үш деңгейін анықтайды:

- репродуктивті-имитативтік қызмет, оның көмегімен белсенділік тәжірибесі даналық басқаның тәжірибесі арқылы жинақталады;

- ізденушілік -атқарушы белсенділігі - бұл жоғары деңгей, өйткені мұнда тәуелсіздіктің үлкен дәрежесі бар. Бұл деңгейде тапсырманы түсініп, оны орындаудың құралдарын табу қажет;

- шығармашылық белсенділік - бұл жоғары деңгей, өйткені оқушы тапсырманы өзі қоя алады және оны шешу жолдары жаңа, шаблонсыз, түпнұсқа болып таңдалады-дей келіп, танымдық белсенділіктің үш дәрежесін де атап көрсеткен:

1. Жаңғыртушы белсенділік шәкірттің материалды жадылап, қайта жаңғыртуға, оны үлгі бойынша қолдануға, меңгеруге ұмтылысымен сипатталады. Белсенділіктің 1-дәрежесіне тән көрсеткіш оқушының бойында білімін тереңдетуге деген ұмтылысының болмауы.

2. Түсіндіруші белсенділік оқушының оқығанын дәлелдеуге, оны өзіне белгілі ұғымдармен байланыстыруға, білімін жаңа жағдайларда пайдалану жолдарын меңгеруге ұмтылысынан көрінеді. 2-дәрежеге тән көрсеткіш - оқушының бастаған істі аяғына дейін жеткізуге ұмтылуынан, қиындыққа тап болғанда оны жеңудің жолдарын қарастыруынан байқалатын дербестігі.

3. Шығармашылық дәрежесі оқушының тапсырманы (мәселені) шешудің тың жолдарын іздестіруге деген ұмтылысымен сипатталады. Бұл дәреженің ерекшелігі мақсатқа жетуге деген табандылық, танымдық ынтаның тұрақтылығы, дербестік деңгейінің жоғарылығы [5, 178 б].

Танымдық белсенділік деңгейлерін бөліп көрсете отырып, Г.И.Щукина, М.И. Скаткин, келесі әдіснамалық және психопедагогикалық ережелерді бөліп көрсетеді:

1. Деңгей ұғымы таным процесінің диалектикалық сипатын білдіреді-қарапайымнан күрделіге, төменнен жоғарыға, абстрактіліден нақтыға, салыстырмалыдан абсолюттіге қарай қозғалыс.

2. Даму процесі-бұл оның деңгейлері мен формаларының бағыныштылығы, өйткені дамуды бір-бірімен байланысты дамудың әртүрлі кезеңдерінің бірі ретінде ұсынуға болады, осылайша біреуі екіншісін жоққа шығарады. Сонымен қатар, жоғары сатылар алдыңғы сатыларды қамтып олардың құндылығы болып қалады.

3. Субъектінің белсенділігі қызметте дамиды. Сондықтан оқушының танымдық белсенділігінің деңгейлері оның оқу іс-әрекетінің қалыптасу дәрежесін көрсетеді.

4. Танымдық белсенділік-бұл адамның іс-әрекетінің сапасы. Осыған байланысты белсенділік деңгейлерінде мыналар көрсетілуі керек:

- оқушының іс-әрекеттің тақырыбы мен процесіне қатынасы (қызметтің мотивациялық саласы);

- оқушының іс-әрекеттің білімі мен тәсілдерін игеруге деген ұмтылысы (қызметтің мазмұндық-операциялық саласы);

- оқушының оқу-танымдық мақсаттарға қол жеткізуге жұмылдыру күш-жігері (қызметтің адамгершілік-еріктік саласы).

Айтылған ережелерге сүйене отырып, Т.И Шамова танымдық белсенділіктің әр деңгейіне былайша түсінік береді: «бірінші деңгей-ішкі белсенділікке айналмайтын сыртқы белсенділіктің элементтері. Оқушылар жаңа материалды пассивті, немқұрайлы қабылдайды, танымдық қызығушылық жоқ. Кейде ішкі белсенділікті көрсетуге тырысады» - дейді [6].

Алайда, бұл нәтиже бермейді, өйткені оқушы білім жүйесін, оқу қызметін ұйымдастыру және орындау тәсілдерін білмейді. Біз осы белсенділік деңгейінің негізгі көрсеткішіне мыналарды жатқызамыз дейді, Т.И Шамова:

а) танымдық мәселелерді шешуге қызығушылықтың болмауы;

б) үлгі бойынша іс-әрекеттерді орындау қабілетінің қалыптаспауы. Белсенділіктің бұл деңгейінде негізінен денсаулығы бойынша көптеген сабақтарды өткізіп алған немесе ерікті

күш-жігері жоқ білім алушылар бар, бұл қиындықтар туындаған кезде тапсырманы орындаудан бас тартудан көрінеді.

Екінші деңгей-репродуктивті белсенділік. Бұл белсенділік деңгейінің критерийі - оқушының сыртқы көріністегі белсенділікпен сипатталатын зерттелетін құбылысты түсінуге деген ұмтылысы: оқушы мұғалімнің түсіндірмесін мұқият тыңдайды; оған қойылатын талаптарға сәйкес келеді; мұғалімге қызметтің практикалық жағын ұйымдастыруға қатысты сұрақтармен жүгінеді. Белсенділіктің екінші деңгейінің тән ерекшелігі-танымдық мәселелерді шешуге деген қызығушылық және оқушының ерікті күш-жігерінің тұрақсыздығы.

Оқушылардың репродуктивті белсенділігі түсіндірмелі-суреттелген оқыту әдісін қолдану арқылы анықталады. Белсенділіктің осы деңгейінің көрсеткіштеріне мыналар жатады:

- а) стандартты емес типтегі танымдық есептерді шешуге әлсіз қызығушылық;
- б) іс-әрекеттерді үлгі бойынша орындай білу;
- в) орындалатын әрекеттерді негіздеуге ұмтылу;
- г) бақылаудың қарапайым түрінің болуы - жұмыс нәтижесі бойынша.

Үшінші деңгей - интерпретациялық белсенділік. Белсенділіктің осы деңгейінің критерийі-оқушының құбылыстың мәнін түсінуге, өзгерген жағдайларда білім мен дағдыларды қолдану тәсілдерін игеруге деген ұмтылысы.

Бұл белсенділік деңгейінің тән көрсеткіші-танымдық мәселелерді шешуге деген қызығушылық және ерікті күш-жігердің үлкен тұрақтылығы. Интерпретациялық белсенділік оқытуда оқытудың ақпараттық-іздеу әдістерін қолдануға байланысты.

Көрсеткіштер:

- а) танымдық міндеттерді шешуге жеткілікті қызығушылық;
- б) үлгі бойынша орындалатын іс-әрекеттерді негіздей білу;
- в) қорытынды және операциялық бақылау бойынша қызметті жүзеге асыра білу;
- г) өзгерген жағдайларда білім мен дағдыларды қолдануға ұмтылу.

Төртінші деңгей-шығармашылық белсенділік элементтерін қамтитын интерпретациялық белсенділік. Бұл белсенділік деңгейінің критерийі, ең алдымен, әртүрлі жағдайларда білім мен дағдыларды қолдана білу: танымдық іс-әрекет процесінде туындайтын мәселелердің шешімін өз бетінше іздеуге ұмтылу. Белсенділіктің төртінші деңгейінің тән ерекшелігі-мектеп оқушыларының жоғары ерікті қасиеттерінің көрінісі, мақсатқа жетудегі табандылық [6, 209 б].

Алайда, бірқатар ғалымдар танымдық белсенділікті тұлғаның қасиеті деп түсінеді. Сонымен, Г.И. Щукина «танымдық белсенділікті» жеке тұлғаның білімге деген құштарлығын қамтитын және білім процесіне интеллектуалдық реакциясын білдіретін тұлға сапасы деп анықтайды [7]. Демек, танымдық белсенділік білімге құштарлықтың тұрақты көрінісі бар тұлғалық қасиетке айналады. Бұл жеке сапа құрылымы, мұнда қажеттіліктер мен қызығушылық мазмұндық сипаттарды, ал ерік форманы білдіреді.

Сондай-ақ, Г.И.Щукина танымдық белсенділіктің *үш деңгейін* анықтайды. Танымдық іс-әрекеттің ең төменгі элементарлық деңгейі нақты фактілерге, білімге - сипаттамаларға, үлгі бойынша іс-әрекеттерге назар аударуда көрінеді. *Екінші деңгей* тәуелділікке қызығушылықты, себеп-салдар байланысын және олардың тәуелсіз орнығуын сипаттайды. *Жоғары деңгей* терең теориялық мәселелерге қызығушылық, білімді меңгерудегі шығармашылық шындықты білдіреді [8]. Танымдық белсенділіктің жоғары деңгейін қалыптастыру когнитивтік қажеттіліктің болуы туралы айтуға негіз береді.

Сонымен, танымдық белсенділікті дамыту мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау мына төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

- танымдық белсенділік дағдыларын қалыптастыру-бұл оқушының нақты шындықты шығармашылық тану қажеттілігіне деген ынтасын, тілегі мен ішкі сенімін, танымдық міндеттерді тұжырымдау және іздеу қабілетін көрсететін тұлғаның тұрақты қасиеттерін дамытудың мақсатты процесі.

- танымдық белсенділік-дағдыларды игеру фактісін анықтайтын нәтиже әрі оқу процесіне шығармашылық көзқарас, танымдық қажеттілікке тұрақты қажеттілік іс-шаралар, сондай-ақ жеке қасиеттердің өзгеру факторы, олардың ішінде: әлеуметтік бағдарлау, рефлексияға, ынтымақтастыққа қабілеттілік, мақсатқа ұмтылу, табандылық, танымдық міндеттерді ұсына білу және оларды өз бетінше шеше білу және т. б

- оқушының танымдық белсенділігін дамытуға ықпал ететін педагогикалық шарттар кешенді сипатта болады және мыналарды қамтиды: оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету; танымдық белсенділікті дамытуға бағытталған оқытудың нысандары мен әдістерінің оңтайлы үйлесуі, білімді интеграциялауға бағытталған эвристикалық жаттығулар мен тапсырмаларды қосу; оқу үдерісі мен сыныптан тыс жұмыстарды өзін-өзі дамытуға ішкі мотивацияны қалыптастыруға бағыттау.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасының білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі. 2024 жылғы 15 наурыз
3. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского. Книгопродавца-типографа М.О.Вольфа, Москва-СПб. 1882 жыл
4. Поддьяков Н.Н. Основное противоречие развивающейся психики ребенка. Самара, 2006
5. Шамова Т.И., Воровщиков С.Г., Новожилова М.М. Развитие учебно-познавательной компетентности учащихся: опыт проектирования внутришкольной системы учебно-методического и управленческого сопровождения. М., 2009
6. Шамова Т.И. Активизация учения школьников / Т.И. Шамова. – М.: Педагогика, 1982. – 209 с
7. Щукина Г.И. Педагогические проблемы формирования познавательных интересов учащихся. М., 1988
8. Щукина Г.И. Проблема познавательной потребности в педагогике / Г.И. Щукина. – М.: Педагогика, 2001. – 351 с.

АКМЕОЛОГИЯ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБІ МАНСАБЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨНІМДІ ӘДІСІ РЕТІНДЕ

Ильясова Лира Мырзагалиевна

«8D01801 – Әлеуметтік педагогика» БББ докторанты

Ибрагимова Карлыгаш Ералыевна

«8D01103 – Педагогика және психология» БББ докторанты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада акмеологиялық тәсіл, акмецентрлік тәсіл, акмеографиялық тәсіл, сондай - ақ болашақ мұғалімнің кәсіби шеберліктің жоғары деңгейіне жетуін анықтайтын білім деңгейін, дағдыларын, жеке қасиеттерін сипаттайтын инновациялық әдіс-акмеограмма сипатталған.

Аннотация. В статье описаны акмеологический подход, акмеоцентрический подход, акмеографический подход, а также инновационный метод-акмеограмма, который описывает уровень образования, умений и личностных качеств, определяющих достижение будущим педагогом высокого уровня профессионального мастерства.

Summary. The article describes an acmeological approach, an acmeocentric approach, an